

Елдің аймақтарында газбен жабдықтаудың мемлекеттік желісін құру жөніндегі шаралар туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 қыркүйек N 1368. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.16. N 1166 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.16. N 1166 қаулысымен. P991166_

Халықты және шаруашылық жүргізуші субъектілерді табиғи газбен кідіріссіз жабдықтау, қысқы жылыту кезеңіне әзірлік, сондай-ақ берілген газ үшін қаражатты қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті белгіленген тәртіппен апталық мерзімде "Ақтөбеоблгаз", "Оралоблгаз", "Маңғыстауоблгаз", "Атырауоблгаз", "Қостанайоблгаз", "Алматыгаз", "Алаугаз" (Оңтүстік Қазақстан) және "Жамбылгаз" акционерлік қоғамдарынан олардың балансындағы жоғары, орта және төмен қысымдағы газ құбырларын Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Энергоорталық-ЕС-Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорнына беруді қамтамасыз етсін. <*>

2. <*>

ЕСКЕРТУ. Атауы және 1-тармақ өзгертілді, 2-тармақ алынып тасталды, 3,4-тармақтар тиісінше 2,3-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1997.10.09. N 1431 қаулысымен. P971431_

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Трактебель" компаниясымен "Энергоорталық-ЕС-Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорнының және "Трактебель" компаниясының арасында көрсетілген аймақтардың тұтынушылары үшін газ беру жөнінде келісім-шарт жасау нысанасына келіссөздер жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті осы қаулының 1-тармағы орындалған соң "Энергоорталық-ЕС-Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорнын жабық акционерлік

қоғам етіп қайта құрсын.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері

"Энергоорталық-ЕС-Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорнына тұтынушыларға газды сату жөнінде оған жүктелген функцияларды атқаруда көмек көрсетсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.09.29.

N 1379 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 15 тамыздағы N 276 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары